

«Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі Олжабай батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

**«Олжабай батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің
2022-2023 оқу жылы бойынша білім беру қызметінің өзін – өзі бағалау
қорытындысы**

Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер

"Ақмола облысы Білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі Олжабай батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебі" КММ заңды тұлға болып табылады. Мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлік БСН 380840000015 05.02.2021 ж.

Лицензия № KZ 23 LAA00022194 Білім беру қызметі.

КҰЖС -38286832 Статистикалық карта 08.08.1938 ж. БСН-380840000015 30.09.2009 ж. салық төлеушінің куәлігі

Білім беру ұйымын басқару Ақмола облысы әкімдігінің 2021 жылғы 5 қаңтардағы №А-1/1 қаулысымен бекітілген Басқармаға сәйкес жүзеге асырылады.

20.11.2015 ж. техникалық паспорты бар.

28.04.2015 ж. АП №0000109 аумақты пайдалану құқығына Акт және ғимаратты жария ету туралы мәліметтер

Білім беру ұйымында номенклатура бар және барлық құжаттама номенклатура бойынша тексерілді.

Білім бөлімінен қабылдау комиссиясы мектебінің дайындығын тексеру актісі

Ғимарат 1974 жылы пайдалануға берілген, 397 орынға лайықталған ғимаратта орналасқан, ғимараттың жалпы ауданы 3256,7 шаршы метрді құрайды.

Ғимарат Олжабай батыр ауылында орналасқан. Ақмола облысы Ерейментау ауданы, Шамшит Байтуаров көшесі, 15 үй.

Телефон нөмірі: 8-716-33-34198, blagodatschool@mail.ru web-сайт: <http://sc0007.ereymentau.aqmoedu.kz/>;

Білім беру ұйымының ғимаратын жылыту - автономды, білім беру ұйымының ғимаратын сумен жабдықтау-орталықтандырылған, ішкі санитариялық торап бар.

Білім беру процесін ұйымдастыру кезінде білім беру ұйымы "білім туралы", Педагог мәртебесі туралы "Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алады және оқу процесін мынадай нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырады:

- ✓ "«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;

- ✓ «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы) өзгерістермен 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығы;
 - ✓ «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы) (өзгерістер енгізілген);
 - ✓ «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы);
 - ✓ «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы);
 - ✓ Оқу процесін ұйымдастыруда «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу – тәрбие процесін ұйымдастыру ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты пайдаланылды.
 - ✓ "Педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" ҚР БҒМ міндетін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы №272 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы " (ҚР БҒМ 02.04.2020 ж. № 125 бұйрығы);
- ҚР ДСМ 5.08.2021 ж. № ЖЖМ -76 бұйрығымен бекітілген "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 31.03.2022 № ҚР ДСМ-31 өзгеріс енгізілді)

1. Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер.

2023 жылдың 30 маусымы мерзімінде мектебімізде барлығы – 32 мұғалім бар. Оның – 26 жоғары, 6 мұғалімде – арнайы орта білімі бар. 2 санатта – 1, санаты жоқ – 11 мұғалім, педагог – зерттеуші санатында – 1, педагог – сарапшы санатында – 11, педагог – модератор – 8 мұғалім бар.

Биылғы оқу жылында аттестациядан өтуге 7 мұғалім өтініш берді, қорытындысы күтілуде.

Педагогтардың білімі бойынша мәлімет:

Пәндер	Жоғары білімді	Арнайы орта білімді
Қазақ тілі мен әдебиеті	3	1
Орыс тілі мен әдебиеті	2	0
Ағылшын тілі	3	0
Математика	2	0
Физика	2	0
Химия, биология	1	0
Биология	1	0
География	1	0
Информатика	1	0
Тарих	3	0
Бастауыш сынып	2	5
Музыка	1	0
Көркем еңбек	1	0
Дене шынықтыру	2	0
АӘТД	1	0
БАРЛЫҒЫ	26	6
Пайыздық көрсеткіші	80%	20%

Мектеп әкімшілігінің аттестациядан өтуі туралы ақпарат.

Пәндер	1 санат	2 санат	3 санат	Санаты жоқ
Мектеп директоры	0	0	1	0
Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары	0	0	1	0
Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	0	0	0	1
БАРЛЫҒЫ	0	0	2	1
Пайыздық көрсеткіші	0%	0%	66,6%	33,4%

Педагогтардың біліктілік санаты бойынша:

Пәндер	зерттеуші	сарапшы	модератор	1	2	Санаты
--------	-----------	---------	-----------	---	---	--------

				санат	санат	жоқ
Қазақ тілі мен әдебиеті	0	3	0	0	0	1
Орыс тілі мен әдебиеті	0	0	1	0	0	1
Ағылшын тілі	0	2	0	0	0	1
Математика	0	0	2	0	0	0
Физика	0	0	0	0	0	2
Химия, биология	0	1	0	0	0	0
Биология	0	0	0	0	0	1
География	0	1	0	0	0	0
Информатика	0	0	1	0	0	0
Тарих	0	0	1	0	1	1
Бастауыш сынып	1	1	2	0	0	3
Музыка	0	0	0	0	0	1
Көркем еңбек	0	0	1	0	0	0
Дене шынықтыру	0	2	0	0	0	0
АӘТД	0	1	0	0	0	0
БАРЛЫҒЫ	1	11	8	0	1	11
Пайыздық көрсеткіші	3%	35,5%	29,5%	3	6,5%	22,5%

Гуманитарлық бірлестік.

Пәндер	зерттеуші	сарапшы	модератор	2 санат	Санаты жоқ
Қазақ тілі мен әдебиеті	0	3	0	0	1
Орыс тілі мен әдебиеті	0	0	1	0	1
Ағылшын тілі	0	1	0	0	2
Тарих	0	0	1	1	1
БАРЛЫҒЫ	0	4	2	1	5
Пайыздық көрсеткіші	0%	34%	16%	8%	42%

Жаратылыстану математикалық бірлестік:

Пәндер	зерттеуші	сарапшы	модератор	2 санат	Санаты жоқ
Математика	0	0	2	0	0
Физика	0	0	0	0	2
Химия, биология	0	1	0	0	0
биология	0	0	0	0	1
География	0	1	0	0	0
Информатика	0	0	1	0	0
Көркем еңбек	0	0	1	0	0
Дене шынықтыру	0	2	0	0	0
АӘТД	0	1	0	0	0

Музыка	0	0	0	0	1
БАРЛЫҒЫ	0	5	4	0	4
Пайыздық көрсеткіші	0	38%	31%	0%	31%

Бастауыш сынып бірлестігі.

Пәндер	зерттеуші	сарапшы	модератор	1 санат	2 санат	Санаты жоқ
Бастауыш сынып	1	1	2	0	0	3
Бастауыш сыныптағы пән мұғалімдері						
Қазақ тілі мен әдебиеті	0	2	0	0	0	0
Ағылшын тілі	0	2	0	0	0	1
Информатика	0	0	1	0	0	0
Дене шынықтыру	0	2	0	0	0	0
БАРЛЫҒЫ	1	6	3	0	0	4
Пайыздық көрсеткіші	8%	42%	22%	0%	0%	28%

Педагогтардың жетістіктері мен марапаттары туралы ақпарат:

Мұғалімнің аты - жөні	Қатысқан байқау атауы	Нәтижесі
Мухитова Наркыз Басаровна	«Мұғалім жұмысындағы цифрлық білім беру технологиялары» облыстық олимпиада	2 орын
Мухитова Наркыз Басаровна	«5-9 сыныптарға арналған оқу бағдарламасы аясында күрделі тақырыптар бойынша ағылшын тілі мұғалімінің құзыреттілігін арттыру» облыстық семинарға қатысу	Сертификат
Дүйсенбаев мухаметгали Темирбаевич	«Алтын тұғыр» облыстық математикалық олимпиада	Сертификат
Умурзакова Гүлдана Кайратовна	«Жас ұстаз» облыстық сырттай байқауы	-
Шамшитова Шамшия Асылхановна	«Дарынды балаға – талантты ұстаз» аудандық байқауы	-
Рақыш Бухара Қайруллаевна	«Дарынды балаға – талантты ұстаз» аудандық байқауы	-
Дүйсенбаев Мухаметгали	«Педагогикалық идеялар фестивалі»	-

Темирбаевич		
Рақыш Қайруллаевна	Бухара	Облыстық экологиялық авторлық жоба дайындау байқауы
		Сертификат

Үнемі ізденісте болып мұғалімдер әрдайым өздерінің біліктіліктерін арттырып отырады. Биылғы оқу жылында білім жетілдіру курстарынан 7 мұғалім өтті.

Білім алушылар контингенті

Мектепте 2022-2023 оқу жылында 18 сынып, 17 сынып-комплект бар. Оның ішінде 5,6 Б сыныптары біріккен.

Оқушылар қозғалысы бойынша ақпарат:

Сынып	2022-2023 оқу жылы басында	қыздар	Кетті	қыздар	Келді	қыздар	2022-2023 оқу жылы соңы	Қыздар
1 А	25	11	3	0			22	11
1 Б	3	2			2	0	5	2
2 А	28	15	1	1			27	14
2 Б	9	4					9	4
3 А	29	15					29	15
4 А	24	11	1	1			23	10
4 Б	5	3					5	3
Бастауыш буын	123	61	5	2	2	0	120	59
5 А	20	17	1	1			19	16
5 Б	5	2					5	2
6 А	22	12					22	12
6 Б	6	3					6	3
7 А	22	12			1	0	23	12
7 Б	8	1					8	1
8 А	17	7			1	1	18	8
9 А	15	8					15	8
9 Б	5	2					5	2
Орта буын	120	64	1	1	2	1	121	64
10 А	14	10					14	10
11 А	9	4	1	1			8	3
Жоғары буын	23	14	1	1	0	0	22	13
Жалпы мектеп	266	139	7	4	4	1	263	136

Оқу – тәрбие жұмысының барысы

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұнына қойылатын талаптар:

1) білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспары

2022 – 2023 оқу жылында мектеп «Нәтижеге бағытталаған, құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие үрдісінде педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуын жетілдіру арқылы білімді терең меңгерген, ұлттық сана сезімі жетілген, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру» тақырыбында жұмыс жасады.

Оқыту мен тәрбие берудің мақсаты: «Оқушылардың білім, білік, дағды көрсеткіштерінің сапасын арттыру және Қазақстандық патриоттыққа тәрбиелеу»

Міндеттер:

- 1) «Білім туралы» Заң мен «Білім берудің» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруға байланысты жұмысты жалғастыру;
- 2) Мемлекеттік «Рухани жаңғыру» жалпы ұлттық идеяларының негізіне шоғырланған мәдени сәйкестік және қазақстандық өзіндік сананы қалыптастыру бойынша жұмысты күшейту;
- 3) 1-11 сыныптарды жаңартылған мазмұнда оқумен қамтуды жүзеге асыру;
- 4) Білім беру жүйесін жаңғыртудың негізгі бағыттары бойынша педагогтің кәсіби құзыреттілігін арттыру жөніндегі жұмыстарды жандандыру: білім беру мазмұнын жаңарту, үштілді білім беру, инклюзивті білім беру, сондай-ақ педагогикалық білім беруді жаңғырту
- 5) Оқушылардың функционалдық құзіреттілігін қалыптастыру мақсатында оқытудың тиімді әдістері мен жаңа технологияларды қолданатын педагогтардың жұмыстарын тәжірибеге енгізу;
- 6) Жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін анықтау және дамыту, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы педагогтардың жақсы тәжірибелерін жүйелі жарыққа шығару, олардың жаңашыл жұмыстарын жариялау;
- 7) Оқу-тәрбие үрдісінде заманауи әдістер мен технологияларды енгізу жұмысын жандандыру, педагогтардың білім берудің жаңашыл технологияларын игеруіне жағдай жасау;
- 8) Жас мұғалімдердің білім-біліктілігін жетілдіру курстарынан, жаңа үлгідегі деңгейлі курстардан жүйелі түрде өткізуді, әдістемелік семинарларға қатысуларын басшылықты ұйымдастыру;
- 9) Курстан өту уақыты біткен мұғалімдерді жаңартылған мазмұнда оқыту бойынша перспективалық жоспарға сәйкес кесте бойынша білім жетілдіру курстарына жіберу;
- 10) Мектепшілік бақылау жұмыстарын сапалы жүргізу;
- 11) Оқу кабинеттерінің жүйелендірілуін жетілдіру.

- 12) Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты жандандыру, жүйелеу;
- 13) Білім беру сапасын арттыру мақсатында оқушының білім деңгейінің мониторингін анықтау;
- 14) Тәрбие берудің 8 бағытын талапқа сай орындау;

Мектебіміздің тақырыбын ашу үшін, алға қойған тапсырмаларды шешу үшін мектепте педагогикалық кеңестер, әдістемелік семинарлар, сыныптан тыс жұмыстар, мектепшілік бақылаулар жыл бойы жүргізілді.

Мектептің оқу жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының жалпы орта білім берудің жалпыға міндетті стандарты және "Қазақстан Республикасындағы жалпы орта білім беру ұйымдарында ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы" нұсқаулық-әдістемелік хат негізінде құрастырылды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі №472 бұйрығы негізінде оқу жоспары жүргізіледі. Оқу жоспарын құру кезінде оқу сатылары мен сыныптар арасындағы сабақтастық сақталды. Тақырып циклдері, жеке заттар арасындағы тепе-теңдік. Оқушыға апталық жүктеме деңгейі рұқсат етілген деңгейден аспады. Мектептегі (вариативті) компоненттің сағаттары танымдық қызығушылықтың қалыптасуын ескере отырып қолданылды. Мектептің жылдық жоспары мектептің негізгі бағыттарын көрсетеді. Оқу жоспарларын, барлық құрылымдық бөлімшелер бойынша жұмыс талдауларын, жалпыға бірдей бастауыш, негізгі, орта білім алуға оқушылардың құқықтарын қамтамасыз ететін жағдайлар жасауды, педагог кадрлармен жұмысты қамтиды. Оқу-тәрбие процесіне басшылық ету және бақылау, ата-аналармен жұмыс, МТБ-ны нығайту. (бағаланатын кезең үшін жылдық жұмыс жоспарларының көшірмелері қоса беріледі)

2) Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелері.

Мектептің оқу жоспары білім беруге бағытталған міндеттер мен мақсаттар жүзеге асыруда нормативті-құқықтық база негізінде жасалынды. Оқу жоспары «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы негізінде құрылды.

Оқу процесін ұйымдастыру кезінде басшылыққа алынатын құжаттар:

- ✓ Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы) (өзгерістермен 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығы);

- ✓ «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы) (өзгерістермен және толықтыруларымен);
- ✓ «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы);
- ✓ «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы);
- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндері бойынша негізгі орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары (2020 жылғы 21 сәуірдегі №154 «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша енгізілген өзгерістермен»);

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес тұлғаны жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу мен оқытуды қамтамасыз етілуде.

Білім мазмұны жаңартылған бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті мемлекеттік стандартын, оқу бағдарламаларын әзірлеу «Мәңгілік ел» құндылықтарына бағдарлануымен жүзеге асырылуда.

2022-2023 оқу жылында 1-11 сыныптардағы білім беру «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы негізінде 24 оқушыдан асқан 1-11 сыныптар:

- шет тілі (ағылшын тілі),
- цифрлық сауаттылық және информатика (1 сыныптан басқа)
- көркем еңбек - пәндерінен топқа бөлінеді.

Оқу процесін ұйымдастыруда «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу – тәрбие процесін ұйымдастыру ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты пайдаланылды.

Мектеп жоғарғы деңгейіндегі бағдарлап оқытудың маңызды бөлігі негізгі мектептің 8-9 сыныптарында ұйымдастырылатын бағдаралды дайындық болып табылады. Ол құрамдас үш бөліктен тұрады.

Кәсіби бағдарлы бойынша ақпарат беру.

Кәсіби бағдарлау бойынша таңдау курстарын ұйымдастыру.

Психологиялық көмек беру.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 10.10.2005 ж.

№672 бұйрығы негізінде 10-11 сыныптаға арналған оқу пәндері жаратылыстану – математикалық бағыттарға арналған бағдарламалармен іске асырылады. Оқушыларды таңдаған бағыттары бойынша кәсіби өзін – өзі анықтауына, әлеуметтенуіне септігін тигізуі, мектеп пен кәсіби білім арасындағы сабақтастықты қамтамасыз етеді.

Мектепте сыныптарға сабақ кестесін құру кезінде әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормаларын, материалдық-техникалық базаны және кадр ресурстары ескеріледі. Сондай - ақ, біз күн мен апта бойы білім алушылардың ақыл-ой жұмысқа қабілеттілігінің динамикасын және "білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына (ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ - 76 бұйрығы) (өзгеріс енгізілген 31.03.2022 № ҚР ДСМ-31) сәйкес қиындықтар бойынша пәндерді саралау кестесін пайдаланамыз. (Бағаланатын кезең үшін оқу жұмыс жоспары мен сабақ кестелерінің көшірмелері қоса беріледі)

3) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру;

Оқу жоспары «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы негізінде құрылды.

Оқу процесін ұйымдастыру кезінде басшылыққа алынған құжаттар:

- ✓ «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы) (өзгерістермен 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығы);
- ✓ «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы) (өзгерістермен және толықтыруларымен);
- ✓ «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы);

- ✓ «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы);
- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндері бойынша негізгі орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары (2020 жылғы 21 сәуірдегі №154 «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша енгізілген өзгерістермен»);
- ✓ Оқу процесін ұйымдастыруда «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу – тәрбие процесін ұйымдастыру ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты пайдаланылды.
- ✓ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес тұлғаны жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу мен оқытуды қамтамасыз етілуде.

Білім мазмұны жаңартылған бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті мемлекеттік стандартын, оқу бағдарламаларын әзірлеу «Мәңгілік ел» құндылықтарына бағдарлануымен жүзеге асырылуда.

4) білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру

Тәрбие міндеттері тәрбие қызметінің 8 бағытына сәйкес құрылған жоспарлы жұмыстың көмегімен жүзеге асырылады:

1. қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;
2. рухани-адамгершілік тәрбие;
3. ұлттық тәрбие;
4. отбасылық тәрбие;
5. еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;
7. зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу;
8. дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Біздің мектептің мұғалімдері тәрбие процесін оқушылардың рухани-адамгершілік даму жүйесі ретінде қарастырады. Мектептің тәрбие қызметінің барлық жүйесі "Жас Қыран" «Жас Ұлан» оқушылардың өз

бетінше әрекет ететін, өзін-өзі басқаратын бірлестігін жандандыруға бағытталған. Мектептің педагогикалық ұжымы балалардың бастамасын, дербестігі мен жауапкершілігін дамытуға үлкен көңіл бөледі.

"Жас Қыран" «Жас Ұлан» балалар ұйымының жұмысы кешенді тәрбие бағдарламасы бойынша барлық бағыттар жүргізіледі, ұйымдардың әнұраны, елтаңбасы бар. Кіші сынып оқушылары жасқырандықтардың заңдары бойынша өмір сүреді және жұмыс істейді. Әр сыныптың атауы, ұраны, жұмыс жоспары бар. Жыл сайын оқушылар "Жас Қыран" балалар-жасөспірімдер ұйымына белсенді түрде қатысады. Үлгілі тәртібімен жақсы оқығаны үшін жылын 2 рет «Жас қыранға», «Жас ұланға» қабылдау болады

Сыныптан тыс жұмыстардың барлығы мұқият жоспарланған және жақсы ұйымдастырушылық және көркемдік деңгейде өтіп, әр жасалған жұмыстан кейін талдау жасалады. Сонымен қатар біздің мектептің оқушылары «Дойбы», «Валейбол» «Асық» секцияларына қатысады. Аудандық сайыстарда 2-3 орындарға ие болуда. "Үстел теннисі," -2 орын Футбол

3 орын ", соның қорытындысы бойынша , ауданда жоғары нәтижелерге қол жеткізді.

Тәрбие жұмысының барлық бағыттары тәрбие іс - шараларының жаппай болуымен бірге тәрбиеге жеке тұлғаға бағытталған көзқарасты жүзеге асыруға және тәрбие жұмысының барлық аспектілерінде оқушылардың шығармашылық қабілеттерін ынталандыруға мүмкіндік береді. Әр түрлі іс-шаралар көптеген балаларды әртүрлі іс-шараларға тартуға мүмкіндік береді, бұл олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Тәрбиелік іс-шараларды өткізу формалары әртүрлі: тақырыптық кештер, тақырыпқаа сай адамдармен кездесулер, слайд-шоу, презентациялар, әдеби-сазды кеш, мерекелер, фестивальдар, дәрістер және т. б.

Мектептің білім беру жүйесі бүкіл педагогикалық процесті қамтиды, оқу сабақтарын, балалардың сабақтан тыс өмірін, мектептен тыс әр түрлі іс - шаралар мен қарым-қатынасты, білім беру кеңістігін үнемі кеңейтетін әлеуметтік, табиғи, пәндік-эстетикалық ортаның әсерін қамтиды.

Біздің мектептің тәрбие жүйесі бала тұлғасының бейімділіктері мен қабілеттерін дамыту және іске асыру үшін жағдай жасайды.

Мектеп балаға әр жас кезеңінде төрт мәселені шешуге көмектеседі: өзін-өзі тану, өзін-өзі анықтау, өзін-өзі тану, өзін-өзі реттеу, өмірдің бес негізгі саласында:

1. Таным саласы (Оқу, ақпарат, білім).
2. Практикалық қызмет саласы (еңбек қызметі, іскерліктер, дағдылар).
3. Ойын саласы (ойын белсенділігі, шығармашылық және табиғи мүмкіндіктерді, қабілеттерді іске асыру).

4. Физикалық даму саласы (физикалық қабілеттерді іске асыру).

5. Қарым-қатынас саласы (өзін-өзі тану , адамдар, олармен өзара әрекеттесу).

Осылайша, мектепте баланың жеке басының дамуына жағдай жасау-бұл әр жас кезеңінде балаға өмірінің негізгі салаларындағы мәселелерді сәтті шешуге көмектесетін мектепте қарым-қатынас жүйесін құру процесі.

Тәрбие жұмысының негізгі бағыттарын жүзеге асыру:

- оқыту мен тәрбиелеудің органикалық бірлігі, оқытудың инновациялық технологияларын енгізу және халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес білім беру жүйесін жетілдіру.

- оқушы тұлғасын жан-жақты дамытудың әр түрлі сыныптан тыс түрлерін дамыту;

Мектептегі білім беру жүйесін модельдеуде білім беру жүйесін дамытудың төрт кезеңге бөлуге болады.

Білім беру жүйесін дамытудың бірінші кезеңі-мақсатты параметрлер қалыптасатын, білім беру процесін ұйымдастыруда негізгі бағыттар жасалатын , мектептегі білім беру жүйесінің тұжырымдамасы қалыптасатын қалыптасу кезеңі.

Екінші кезең, жүйе аяқталған кезде: әр компонент өз орнын алады, жүйелік байланыстар күшейеді. Мектеп ұжымы ортақ мақсат, ортақ іс-әрекет, ортақ жауапкершілікпен біріктірілген балалар мен ересектер қауымдастығы ретінде біртұтас әрекет етеді.

Үшінші кезең-жүйені жаңарту және жетілдіру: мақсаттар күрделене түседі, мазмұны әр түрлі болады, қатынастар тығыз болады, ұйымдастырушылық және басқару процестері күрделене түседі.

Осылайша, білім беру жүйесінің тиімділігінің басты критерийі нәтиже болады-оқушы мен мұғалімнің жеке басын дамыту және өзін-өзі көрсету.

Бүгінгі таңда жеке тұлғаның дамуына мақсатты және тиімді ықпал ете алатын компоненттердің реттелген тұтас жиынтығы ретінде тәрбие жұмысының жүйесін құрмай, мақсатқа жету, міндеттерді шешу мүмкін емес.

Біздің мектепте "оқушы және оның адамгершілігі" бағытын жүзеге асыру сыныптан тыс жұмыстың келесі түрлері арқылы жүзеге асырылады:

- тақырыптық сынып сағаттары; адамгершілік тақырыбы бойынша пікірталастар; мейірімділік сабақтары;

- театр қойылымдары мен кинофильмдерді көру;

- экскурсиялар, ауылдың, ауданның, республиканың тарихи және ескерткіш орындарымен танысу;
- іздеу жұмыстары, мұражай құру;
- мектептегі қамқорлық жұмысы;
- сыныптастар, педагогтар, ардагерлерді құттықтаулар;
- "Білім күні", «Отбасы күні» "Қарттар күні", "Мұғалімдер күні", «Алғыс айту күні» "Аналар күні", "8 Наурыз", «Отан қорғаушылар күні», "Жеңіс күні", "Соңғы қоңырау", "Балаларды қорғау күні" және т. б. Мерекелер.
- терроризмге арналған сынып сағаттары;
- "мейірімділік", "Ардагерлерді ардайық!" акциялары;
- соғыс және еңбек ардагерлеріне көмек.

2. Азаматтық-патриоттық бағыт

"Оқушы-патриот және азамат"

Негізгі мақсаттар:

1. Өзінің өмірлік таңдауын жасау және ол үшін жауапкершілік алу қабілетін тәрбиелеу; өз мүдделерін, өз отбасының, еңбек ұжымының, өз халқының, мемлекеттің мүдделерін қорғау.
2. Әлем халықтарына, адамзатқа, басқа ұлт өкілдеріне, өз ұлтына, мәдениетіне, тіліне, салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауды қалыптастыру.
3. Өз мемлекетінің және басқа мемлекеттердің тәуелсіздігі мен егемендігінің құндылығын тану.

Тәрбие міндеттері:

- * оқушылардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру, қоғаммен құқықтық қатынастар саласында еркін және жауапты өзін-өзі анықтау;
- * оқушылардың өз құқықтары мен басқа адамдардың құқықтарын ұғынуға, адамгершілік тұрғыдан өзін-өзі дамытуға қабілетті гуманистік дүниетанымын қалыптастыру;
- * моральдық өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жетілдіру проблемасымен байланысты құқықтық және азаматтық тәрбие міндеттерін шешуге оқыту;
- * отандық тарихқа, халық батырларына мақтаныш сезімін қалыптастыру, ұрпақтардың тарихи жадында сақтау;
- * ұлттық мәдениетке, өз халқына, өз тіліне, өз елінің салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу;

* өзінің азаматтық ұстанымын көрсету, адамдардың азғындық және құқыққа қарсы әрекеттерімен күресу.

Іске асыру нысандары:

* тақырыптық сынып сағаттары;

* құқықтық құрылымдар, құқық қорғау органдары өкілдерімен кездесулер;

* әскери және еңбек даңқы мұражайларына бару;

* соғыс және еңбек ардагерлерімен, солдаттармен және мерзімді қызмет офицерлерімен, жауынгер-интернационалистермен кездесулер;

* құқықтық және патриоттық тақырып бойынша конкурстар, викториналар;

* Конституция күні, республика күні, халық бірлігі күні;

* құқықтық және патриоттық тақырыптарға арналған конкурстар мен концерттер;

* ардагерлерге құрмет көрсету, соғыстан аман қалған адамдар үшін кәдесыйлар мен сыйлықтар дайындау;

* патриоттық әндер байқауы;;

* Ұлы Жеңістің мерейтойына арналған іс-шаралар. Қазақ батырларының ерлігін дәріпттеу.

3. Дене шынықтыру-сауықтыру бағыты және қауіпсіздік негіздері."оқушы, оның қауіпсіздігі және денсаулығы"

Басты мақсаты:

Білім алушыларда өзін-өзі растау үшін денсаулықтың маңыздылығын түсінуді қалыптастыру.

Тәрбие міндеттері:

1. Оқушыларды адамның өз денсаулығына ұқыпты қарау салт-дәстүрлерімен таныстыру;

2. Оқушылардың өз денсаулығын сақтау мәдениетін қалыптастыру үшін жағдай жасау;

3. Оқушылардың ерлер мен әйелдердің денсаулығына табиғаттың баға жетпес сыйы ретінде көзқарасын қалыптастыру;

4. Оқушыларға өз жетістіктері мен денсаулығын сақтау бойынша күш-жігерін көрсетуге мүмкіндік жасау;

5. Дене шынықтыру және спортпен шұғылдану арқылы оқушылардың жаман әдеттерін жеңуге ықпал ету.

Іске асыру нысандары:

- * дене шынықтыру және спортпен байланысты тақырыптар бойынша әңгімелер, ойындар, пікірталастар;
- * спорттық жарыстар мен жарыстар;
- * Туризм күні, Денсаулық күні;
- * ашық ойындар;
- * көктемгі және жазғы сауықтыру және мектеп алды лагерлері;
- * спорттық бағдарлау конкурстары;
- * "Спорт – зиянды әдеттерге балама"акциясы;
- * "Біз спортты жақсы көреміз"суреттер байқауы;
- * сынып сағаттары "жаман әдеттерден аулақ бол!»;
- * ЖҚЕ, ӨҚЕ ережелерін, электр қауіпсіздігін зерттеу бойынша сынып сағаттары;
- * қауіпсіздік айлығы: Денсаулықты жетілдіру үшін Спорттық іс-шаралар аудан, аймақ көлемінде өтілуде. Мәселен, тенистен 2 орын, футболдан 3 орын, ұлттық ойындардан 2-3 орынға ие болды. Спорттық іс-шаралар командалық, жеке дара түрінде де қатысты. Спорттық саланы дамыту барысында дене шынықтыру мұғалімдер Сайлаухан Б. Хожабай Б мектепте секцияларды жүргізеді. Мектеп оқушыларының 70 пайызы секциямен қамтылған.

4."Еңбек тәрбиесі және кәсіби бағдар"еңбек бағыты

Негізгі мақсаты:

Еңбекке адал көзқарасты, жұмысқа шығармашылық көзқарасты қалыптастыру, еңбекқор, іскер, тәуелсіз адамды тәрбиелеу.

Міндеттері:

- еңбек дағдыларын дамыту;
- практикалық сабақтар (өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, шаруашылық-тұрмыстық еңбек)арқылы балаларды қолдан келетін еңбек қызметіне қосу;
- еңбекке деген оң көзқарасты тәрбиелеу.

Еңбек тәрбиесі мектепті, мектеп ауласын абаттандыру және көгалдандыру; мектеп жанындағы учаскедегі жұмыс; оқушылармен кәсіби бағдарлау жұмысы; Техникалық және қолданбалы шығармашылық көрмелерін ұйымдастыру; сенбіліктер; сыныптағы кезекшілік, өз қолымен жасалған бұйымдар жәрмеңкелері, арқылы балалардың жұмысы арқылы іске асырылады. Еңбек тәрбиесін арттыру, дәріштеу негізінде оқушылар жетекшілерімен бірге өз қолымен жасалған бұйымдармен түрлі сайыстарға барып жүр. Мәселен, Қазақстан тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылған «Ұлы даланың жеті қыры» атты тақырыпта мектебіміздің оқушысы Балтабай Н. Таранова К аудан бойынша 1 орын алып, облысқа жолдама алды. Жетекшілері Кункенова Г.А. Байгабыл Т оқушылар мадақтамамен марапатталды. Сонымен қатар төтенше жағдайлар департаментінің ұйымдастырумен болған «Үздік макет» номинациясы бойынша 5 сынып оқушысы Тилеубек Д 2 орынға ие болды.

5 Экономикалық және экологиялық тәрбие; бағыты

Мақсаты: білім алушылардың табиғатқа қатысты тұтас экологиялық дүниетанымы мен этикалық құндылықтарын қалыптастыру және оқушыларды табиғат қорғау қызметіне қосу.

Міндеттері:

- оқушылардың экологиялық мәдениеті мен экологиялық санасын тәрбиелеу;
- экологиялық бағыттағы оқушылардың практикалық қызметін жандандыру;
- білім алушылардың қоршаған табиғи ортамен жүйелі байланысын ұйымдастыру;
- оқушылардың белсенді және салауатты өмір салты туралы түсініктерін қалыптастыру;
- оқушылардың адамгершілік, эстетикалық және еңбек тәрбиесіне ықпал ету;
- қосымша экологиялық білім берудің, білім алушылардың ғылыми-зерттеу қызметінің рөлін күшейту;
- жергілікті қоғамның экологиялық мәселелерін шешуге бағытталған жобалық қызметке оқушыларды тарту.

Осы бағытты іске асыруға арналған іс-шаралар:

Табиғаттағы ғылыми-техникалық прогресс пен Адамның іс-әрекеті нәтижесінде біздің жер планетамызда қоршаған ортада тез өзгерістер болады:

Сондықтан адамдарға патриот болу керектігін – туған өлкенің, Қазақстанның табиғатын сүю және қорғау керектігін, Қазақ жерінің экологиялық ертеңі біздің әрқайсымыздың қолымызда екенін жеткізу маңызды.

Жалпы білім беру мекемелері экологиялық ақпарат бере алады, қазіргі және болашақ ұрпақ үшін экологиялық мәселелерді шешудің маңыздылығын насихаттай алады..

2022-2023 жылдарға арналған экологиялық тәрбие бойынша ғылыми тақырыптар әзірленді. Сәуір айында облыстық экологиялық- олимпиада өтті. «Олжабай батыр ауылының ЖОББМ» оқушылары қатысып, 3 орынға ие болды. «Қалада табиғи газ, ауылда био газ », «Электр станцияларының ерекшелігі» тақырыптарында ғылыми жұмыс қорғады. 7 сынып оқушылар Жеңісбек Б, Дүйсен Д. Ерейментау өңірінде жел электр станциялары орыналасқаннан кейін, бұл тақырыптарды зерттеу, өзекті мәселе болды. Жетекшілер Дүйсенбаева Л, Асылбек А оқушылармен бәрге экологиялық және экономикалық тұрғыдан жұмыстарын дәлелдеп, тиімді ұсыныстар айта білді.

Сонымен қатар мектебімізде табиғатты қорғау акциялары мен жобалары жүзеге асырылды.

Мақсаттары мен міндеттері: экологиялық сауатты тұлғаны дайындау; қоршаған ортаны қорғау мәселесі бойынша білім алушылардың бақылауларын, зерттеулерін және жобалық қызметін ұйымдастыру.

Экологиялық тәрбиені оқытудың әзірлемесін дайындауда мектебіміздің бастауыш сынып мұғалімі Рақыш Б.К облыс бойынша сертификатпен марапатталды.

Жыл сайын мектеп оқушылары Экологиялық айлықтарға белсенді қатысады. Экологиялық айлықты іске асыру барысында «Жас эколог», «Жас биолог» үйірмелері жұмыс істеуде. Үйірме шеңберінде мектеп ауласы мен бақшасын абаттандыру бойынша сенбіліктер, мектеп жанындағы учаскедегі жұмыс, "күстың ұясы ", "азықтандырғыш", "әдемі гүлзар", жасап, күту-баптау жұмыстары өткізіледі. Бұл жұмыстарды көркем еңбек мұғалімі Байгабыл Т, биология, география пәндерінің мұғалімі Естай А, Ажыхан Е жүргізеді. Бұйратау саябағының ұйымдастырумен өткен «Құтарға ұя жасаймыз!» атты аудандық сайыстар 2 сынып оқушысы Мурағлы Е 3 орынға ие болы. Жетекшісі: Умурзакова Г.К Экологиялық акциясын өткізу дәстүрге айналуда: мектеп аумағын тазарту бойынша экологиялық сенбіліктер , мектеп ауласында түлектер отырғызған ағаштар аллеясын күту. Мектептегі өзін-өзі басқру ұйымының Экология фракциясы өзінің мүшелерімен бірге экологиялық іс-шараларды жүзеге асыруда. Мәселен 10 сынып оқушысы Қуанбек А «Экология және Біз» тақырыбында аудандық семинарға қатысты. Соның аясында Қазақстанды "бірге жасайық" қозғалысы аясында " экологиясы күні" республикалық экологиялық жобасын жүзеге асырудағы біздің оқушыларымыздың жұмысын ерекше атап өтуге болады. Онлайн сайыстарға да ат салысуда. Сурет салу, видео-ролик сияқты. «Бұйратау» мемлекеттік ұлттық табиғи саябағы өткізген «Үздік плакат» тақырыбы бойынша 2 сынып оқушысы Семейқызы Н 1 орын иегері болды. Біздің

мектептің ұстаздары ғылыми – практикалық конференцияларда, экологиялық слеттерде табысты өнер көрсетеді. Білім алушылар экологиялық-адамгершілік мәдениетті қалыптастыруға бағытталған жобаларды орындайды, жүлделі орындарға ие болады және дипломдарға ие болады.

Сынып сағаттарында Қазақстанның табиғат қорғау объектілерін зерттеді, "Табиғатты сақтау – өмірді сақтау", "Қыста құстарды тамақтандырыңыз", "Біз - құстардың досымыз" тақырыптары бойынша әңгімелесті, "Жаһандық экологиялық проблемалар", "Чернобыль жаңғырығы" «экологиялық апаттар», «Көлдер мен өзендер» және т.б. бейнероликтерді қарауды ұйымдастырды. Экология және табиғатты қорғау бойынша бірыңғай кітапханалық сағат, туған өлкенің табиғаты туралы кітаптар көрмесі, жергілікті жердің табиғатын зерттеу мақсатында экскурсиялар ұйымдастырылды. Оқушылармен бірге бір күндік экскурсияларға барды.

8-9 сынып оқушылары "экскурсиялар мен жорықтар" электронды презентациясын орындады. Мұғаліммен бірге жүргізген жұмыстары бойынша тарих пәнінің мұғалімі Канафина Г.Ж облыстық семинарда баяндамашы болды.

Іс – шараларға қатысу оқушылардың экологиялық білім жинауына ықпал етеді, балалардың табиғатпен ұтымды өзара әрекеттесуі туралы идеяларын кеңейтеді-табиғаттағы қолайлы және қолайсыз әрекеттері, оқушылардың адамгершілік, эстетикалық және еңбек тәрбиесіне ықпал етеді.

6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие; бағыты

Мақсаты: Отан мәдениетіне деген сұлулық, махаббат және қызығушылық сезімдерін дамыту, шығармашылықтан өз орнын таба білу, балалардың мәдени бос уақытқа жаппай қатысуы.

Міндеттері:

1. Оқушылардың бастамашылығын, дербестігін, жауапкершілігін көрсету үшін жағдай жасау. Ашықтық, шынайылық және нақты өмірлік жағдайлар, сыныптан тыс жұмыстарға қызығушылықты дамыту.
2. Оқушылардың мектеп өміріндегі бастамалары мен белсенділігін ынталандыру.

Нысандары сыныптан тыс жұмыс:

- * мерекелік және атаулы күндерге, мектептің, педагогтардың, оқушылардың мерейтойларына арналған шаралар;
- * көркемөнерпаздар шығармашылығы мен өнерінің концерттері мен конкурстары;

* мектеп спортшыларын, олимпиадалардың, конкурстардың, турнирлердің, конференциялардың жеңімпаз оқушыларын құрметтеу;

* оқушылардың жеке концерттері, суреттер, өз қолымен жасалған бұйымдар көрмесі;

* таланттар сайысының конкурстары;

* туған күн иелеріне құрмет көрсету;

* концерттер, Мерекелер;

Оқушылардың сабақтан тыс іс – әрекеті-оларды тәрбиелеу және әлеуметтендіру міндеттерін шешу мүмкін және орынды болатын барлық іс-әрекеттерді (оқудан басқа) біріктіретін ұғым.

5) білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру

Сабақтан тыс жұмыс – бұл оқушылар ұжымы мен оқушылардың өзін-өзі басқару органдарын құру мақсатында сыныпта, оқушылар мен сынып жетекшісі арасында тұлға аралық қатынастарды ұйымдастырудың жақсы мүмкіндігі.

Қазіргі уақытта екінші буынның жаңа стандарттарына көшуге байланысты сабақтан тыс іс-шаралар жетілдірілуде. Сабақтан тыс іс-әрекеттің дұрыс ұйымдастырылған жүйесі-бұл әр оқушының танымдық қажеттіліктері мен қабілеттерін мүмкіндігінше дамытуға немесе қалыптастыруға болатын, еркін тұлғаны тәрбиелеуді қамтамасыз ететін сала.

Сабақтан тыс жұмыстарға бөлінген сағаттар оқушылардың қалауы бойынша қолданылады және оны ұйымдастырудың сабақ жүйесінен басқа әртүрлі формаларын жүзеге асыруға бағытталған. Сабақтарда жетекшілер оқушылардың ұйымдастырушылық, шығармашылық, музыкалық қабілеттерін ашуға тырысады, бұл жасөспірімдердің рухани дамуында маңызды рөл атқарады. Сыныптан тыс жұмыстар әр оқушыға өзінің бірегейлігі мен қажеттілігін сезіну үшін бағыттайды.

Стандарт талаптарына сәйкес:

Сабақтан тыс іс-шаралар жеке тұлғаны дамытудың 8 бағыты бойынша ұйымдастырылады:

* жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;

* рухани-адамгершілік;

- * Ұлттық;
- * отбасылық тәрбие;
- * Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
- * Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу;
- * Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;
- * Дене тәрбиесі және салауатты өмір салты;

Сабақтан тыс қызметтің сегіз бағыты оның 9 түрінде жүзеге асырылады:

- 1) ойын әрекеті;
- * 2) танымдық қызмет;
- 3) проблемалық-құндылық байланыс;
- 4) бос уақыт-Ойын-сауық қызметі (бос уақыт қарым-қатынас);
- * 5) көркем шығармашылық;
- 6) әлеуметтік шығармашылық (әлеуметтік ерікті қызмет);
- * 7) Еңбек (өндірістік) қызметі;
- * 8) спорттық-сауықтыру қызметі;
- * 9) туристік-өлкетану қызметі

Сабақтан тыс іс-әрекет нысандары:

Оқушылардың сабақтан тыс іс-әрекетінің түрлері мен бағыттары бір-бірімен тығыз байланысты.

Спорттық-сауықтыру бағыты баланың толыққанды физикалық және психикалық денсаулығына жағдай жасайды, оған гигиеналық мәдениетті игеруге, салауатты өмір салтын ұстануға, қатаю мен дене шынықтыру әдетін қалыптастыруға көмектеседі.

Жетекші қызмет түрлері:

- * Спорттық-бұқаралық және дене шынықтыру-сауықтыру жалпымектептік іс-шаралар: мектептік спорттық турнирлер, жарыстар, денсаулық күндері
- * Таңғы жаттығу, сабақтардағы дене шынықтыру минуттары, таза ауада серуендеу және сауықтыру өзгерістерін ұйымдастыру

* Санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуын бақылау

* Қауіпсіздік техникасы бойынша бұрыштарды безендіру, нұсқамалар өткізу

Рухани-адамгершілік бағыттың мақсаты балалардың әлемдік және отандық мәдениеттің рухани құндылықтарын игеруі, оларды адамгершілік өмір салтын дербес таңдауға дайындау, гуманистік дүниетанымды қалыптастыру, өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу және рухани құндылықтарды өмірлік тәжірибеде іске асыру болып табылады.

Жетекші қызмет түрлері:

* Әңгімелер, адамгершілік және рухани-адамгершілік мазмұндағы ойындар

* Қолөнер және балалардың шығармашылық өнерінің барлық түрлері

* Мектеп пен қоғамның бірлескен мерекелерін өткізу

* Экскурсиялар, мақсатты серуендер

* Балалар қайырымдылығы

* Көрмелер ұйымдастыру (балалар мен ата-аналардың бірлескен қызметі)

Әлеуметтік бағыт балаларға әртүрлі іс-әрекеттерді игеруге көмектеседі: еңбек, ойын, өнер, моторика, белсенділікті дамыту және Тәуелсіздік пен шығармашылыққа деген ұмтылысты ояту.

Жетекші қызмет түрлері:

* "Мектеп аумағын абаттандыру" жобасы аясындағы жұмыс

* Мектепті көгалдандыру бойынша жұмыс

* Сыныптарда кезекшілікті ұйымдастыру

* Кәсіби бағдар беру сұхбаттары, түрлі мамандық өкілдерімен кездесулер

* Қолөнер және балалар шығармашылығы көрмелері

* Еңбек десанттары, сенбіліктер

• Сюжетті-рөлдік ойындар

Жалпы мәдени іс-әрекет балаларды әлемге мейірімді, ұқыпты, қамқор қарым-қатынасқа, белсенді өмірлік ұстанымды, көшбасшылық қасиеттерді, ұйымдастырушылық дағдыларды қалыптастыруға бағыттайды.

* Мұражайларға, кітапханаларға, көрмелерге бару.

* Сынып және мектеп деңгейіндегі концерттер, қойылымдар, Мерекелер

* Көркем шығармашылық үйірмелері

* Мектеп пен сыныпты мерекелік безендіру

Жалпы интеллектуалды бағыт балаларға қоршаған әлемді танудың әртүрлі тәсілдерін игеруге, танымдық белсенділікті, қызығушылықты дамытуға көмектеседі.

* Викториналар, танымдық ойындар

* Балалардың ғылыми жобалары

* Танымдық бағыттағы мектептен тыс акциялар(олимпиадалар, оқушылар конференциялары, зияткерлік марафондар)

* Пәндік апталар, Мерекелер, Білім сабақтары, байқаулар

Сабақтан тыс іс-әрекеттің әдістемелік нұсқасын былай қарастырдық

Сабақтан тыс іс-әрекет	Нәтижелер деңгейі	Сабақтан тыс іс-әрекетте нәтижеге қол жеткізудің басым нысандары
1. Ойын	1. Оқушының әлеуметтік білім алуы	Рөлдік ойын
	2. Әлеуметтік шындыққа құндылық қатынасын қалыптастыру	Іскерлік ойын
	3. Тәуелсіз әлеуметтік іс-әрекет тәжірибесін алу	Әлеуметтік модельдеу ойыны
2. Танымдық	1. Оқушының әлеуметтік білім алуы	Викториналар, танымдық ойындар, танымдық әңгімелер.
	2. Әлеуметтік шындыққа құндылық қатынасын қалыптастыру	Дидактикалық театр, білімді қоғамдық қарау.
	3. Тәуелсіз әлеуметтік іс-әрекет тәжірибесін алу	Балалардың ғылыми жобалары, мектептен тыс акциялар Танымдық (оқушылардың олимпиадалары, конференциялары, зияткерлік марафондар)
3. Проблемалық-құндылық байланысы	1. Оқушының әлеуметтік білім алуы	Этикалық әңгіме
	2. Әлеуметтік шындыққа құндылық қатынасын қалыптастыру	Пікірталас, тақырыптық пікірталас
	3. Тәуелсіз әлеуметтік іс-әрекет тәжірибесін алу	Проблемалық-құндылық

		сыртқы ұйымдардың қатысуымен сарапшылар
4. Бос уақыт-Ойын-сауық қызметі (бос уақыт байланысы)	1. Оқушының әлеуметтік білім алуы	Концерт залдары, көрмелер.
	2. Әлеуметтік шындыққа құндылық қатынасын қалыптастыру	Концерттер, сахналау, сынып деңгейіндегі Мерекелер және мектептер.
	3. Тәуелсіз әлеуметтік іс-әрекет тәжірибесін алу	Мектеп қайырымдылық концерттер, көрмелер, фестивальдар
5. Көркем шығармашылық	1. Оқушының әлеуметтік білім алуы	Көркем өнер үйірмелері шығармашылық.
	2. Әлеуметтік шындыққа құндылық қатынасын қалыптастыру	Көркем көрмелер, өнер фестивальдері, спектакльдер сыныпта, мектепте.
	3. Тәуелсіз әлеуметтік іс-әрекет тәжірибесін алу	Негізінде әлеуметтік жобалар көркемдік қызмет
6. Әлеуметтік шығармашылық (әлеуметтік маңызы бар волонтерлік қызмет)	1. Оқушының әлеуметтік білім алуы	Әлеуметтік сынама (бастамашыл қатысу баланың әлеуметтік ұйымдастырылған акциялар ересек).
	2. Әлеуметтік шындыққа құндылық қатынасын қалыптастыру	ҚТД (ұжымдық-шығармашылық іс).
	3. Тәуелсіз әлеуметтік іс-әрекет тәжірибесін алу	
7. Еңбек (өндірістік) қызметі	1. Оқушының әлеуметтік білім алуы	техникалық үйірмелер шығармашылық, үйірмелер үй қолөнері.
	2. Әлеуметтік шындыққа құндылық қатынасын қалыптастыру	Еңбек десанты, "Шеберлер қаласы", сюжеттік-рөлдік

		"пошта" ойындары,
	3. Тәуелсіз әлеуметтік іс-әрекет тәжірибесін алу	Сенбілік, балалар сенбілігі өндірістік бригада.
8. Спорттық-сауықтыру қызметі	1. Оқушының әлеуметтік білім алуы	Спорттық сабақтар секциялар, әңгіме туралы СӨС, қатысу сауықтыру рәсімдер.
	2. Әлеуметтік шындыққа құндылық қатынасын қалыптастыру	Мектеп спорт турнирлер.
	3. Тәуелсіз әлеуметтік іс-әрекет тәжірибесін алу	Әлеуметтік маңызы бар спорт және сауықтыру акциялар-жобалар.
9. Туристік-өлкетану қызметі	1. Оқушының әлеуметтік білім алуы	Білім беру экскурсиясы Туристік жорық
	2. Әлеуметтік шындыққа құндылық қатынасын қалыптастыру	Өлкетану экспедициясы
	3. Тәуелсіз әлеуметтік іс-әрекет тәжірибесін алу	Туристік-өлкетану экспедиция

Оқушылардың сабақтан тыс іс-әрекетін ұйымдастырудың нәтижелері мен формаларының өзара байланысын түсіне отырып, мұғалімдер:

- нәтижесі туралы нақты түсінік бере отырып, сабақтан тыс іс-әрекеттің білім беру бағдарламаларын әзірлеу;
- белгілі бір деңгейдегі нәтижеге қол жеткізуге кепілдік бере алатын сыныптан тыс жұмыстардың түрлерін таңдау;
- бір деңгейдің нәтижелерінен екінші деңгейдің нәтижелеріне ауысу логикасын құру;
- сабақтан тыс Бағдарламалар сапасын бағалау;
- сабақтан тыс іс-әрекеттің нәтижелілігі мен тиімділігін диагностикалау.

Мектептегі сабақтан тыс іс-әрекеттің бұл түрлері олардың қалыптасуына ықпал етуі керек:

- эстетикалық қажеттіліктер, құндылықтар мен сезімдер;
